

Қарағанды облысына - 70 жыл

Мен 1936 жылдың 15-ші сәуірінде дүниеге келіппін. Ойлап отырсам, облысымызбен түйедей құрдас екенмін. Уақыт деген ескен желдей екен-ау. Жетпіс жыл жеті күндей болмай өте шығыпты.

Ыбырай атындағы орта мектепті бітіріп, еңбекке араластым. Орджоникидзге кеңшарында, РТС, МЖС-те жұмыс істей жүріп, елігілігіне өз үлесімді қостым. Қарағандының құрылғанына 70 жыл толуы қарсаңында өзімнің бүкіл саналы ғұмырымды ой елегінен өткізгендей болдым. Елімізде тың игеру науқаны басталғанда ауданымызға көршілес республикалардан көмекке механизаторлар келтеп келді. Украинадан келген бір комбайнермен мен де социалистік жарысқа түсіп, жарыс жеңімпазы атанғаным әлі есімде.

Комбайннің бөлшек саймандарын Қарағандыдан әкелетін. Ол кезде қазіргідей көтерме жол жоқ. Қалаға барып қайту үшін кемі үш-төрт күн керек болатын еді.

Отыз бес жыл кеңшарда еңбек еткен мен кеңшар тарағаннан кейін аудан басындағы наубайханада жұмыс істедім. Сол жерден зейнеткерлікке шықтым.

Ауыл шаруашылығын өркендетуде қол жеткізген ауданымыздың әрбір жетістігінде еңбеккерлердің маңдай тері, үлкен үлесі бар. Тың жерлерді игеру ауыл шаруашылығын дамытуда шешуші роль атқарғаны анық. 1958 жылы облысымыз ауыл шаруашылығын өркендетудегі қол жеткен табыстары үшін «Ленин» орденімен марапатталды. Бұл жетістіктерде ауданымыздың да, аудан еңбеккерлерінің де үлесі бар. Демек, менің де облысымыздың 70 жылдығына тарту, таралғысыз келмегенім.

«Елу жылда ел жаңа» деген, 70 жылдық өмірінде экономикасы өркендеген облысымыздың бүгінгі қарышты қадамы көңілімізге қуаныш ұялатады. Облысымызбен құрдас екенімді мақтанышпен айтуыма әбден болады.

**Рахмедия ҚЫЗЫЛОВ,**  
еңбек ардагері.

## ҚАРАҒАНДЫ-ҚҰРДАСЫМ

